



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2014» атты
IX халықаралық ғылыми конференциясы

IX Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2014»

The IX International Scientific Conference for
students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION-2014»

2014 жыл 11 сәуір
11 апреля 2014 года
April 11, 2014



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2014»
атты IX Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
IX Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2014»**

**PROCEEDINGS
of the IX International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2014»**

2014 жыл 11 сәуір

Астана

УДК 001(063)
ББК 72
Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2014» атты студенттер мен жас ғалымдардың IX Халықаралық ғылыми конференциясы = IX Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2014» = The IX International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2014».
– Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2014. – 5831 стр.
(қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-610-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001(063)
ББК 72

ISBN 978-9965-31-610-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық
университеті, 2014

- Ambuj D. Sagara, Adil Najam, "The human development index: a critical review", *Ecological Economics*, Vol. 25, No. 3, pp. 249-264, June 1998.
14. McGillivray, Mark, "The human development index: yet another redundant composite development indicator?", *World Development*, Vol. 19, No. 10, pp. 1461-1468, Oct. 1991.
15. T.N. Srinivasan "Human Development: A New Paradigm or Reinvention of the Wheel?", *American Economic Review*, Vol. 84, No. 2, pp. 238-243, May 1994 (3-кесте).
16. Mark McGillivray, Howard White, "Measuring development? The UNDP's human development index", *Journal of International Development*, Vol. 5, No. 2, pp. 183-192, Nov, 2006.
17. Farhad Noorbakhsh, "The human development index: some technical issues and alternative indices", *Journal of International Development*, Vol. 10, No. 5, pp. 589 - 605, Dec. 1998.
18. Against the Human Development Index Comment Posted May 22, 2009, Bryan Caplan - Library of Economics and Liberty
19. Rao VVB, 1991. Human development report 1990: review and assessment. World Development, Vol 19 No. 10, pp. 1451–1460.
20. McGillivray M. The Human Development Index: Yet Another Redundant Composite Development Indicator? World Development, 1991, vol 18, no. 10:1461-1468.
21. Hopkins M. Human development revisited: A new UNDP report. World Development, 1991. vol 19, no. 10, 1461-1468.
22. Tapia Granados JA. Algunas ideas críticas sobre el índice de desarrollo humano. Boletín de la Oficina Sanitaria Panamericana, 1995 Vol 119, No. 1, pp. 74-87.
23. Davies, A. and G. Quinlivan (2006), A Panel Data Analysis of the Impact of Trade on Human Development, Journal of Socioeconomics

УДК 910.3

ЕЛІМІЗДЕГІ СУДЫҢ САПАСЫ, ЖӘНЕ ОНЫ ЖАҚСARTY

Әбдіжаппар Ұлбала Төреқұлқызы

Ufan.enu@mail.ru

Студент 3курс Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ

Ғылыми жетекшісі- Ә.Зәуірбек

Еліміз дамып өркендеп келеді Алланың мұнысына үшкіршілік етеміз . Ел басымыздың жолдауларында айтылғандай барлық елдімекендер және қалалар ауыз сумен толық қамтылады делінген , расында да қамтылып келеді. Сонда да әлі шешімін таппай келе жатқан мәселелер бар. Ата Заңымызда жазылғандай еліміздің ең қымбат қазынасы - адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары делінген, адамның өмірі оның денсаулығы екені бәрімізге мәлім . Ал адамның денсаулығына әсер ететін факторлардың бірі су . Еліміздің сумен қамтылып жатқаны жақсы көрсеткіш ,бірақта ол судың таза ауыз су болғаны тіптен керемет болар еді. Адамдар судың екі әріптен тұратынын ғана білсе ,оның адам ағзасына қандай әсер ететінін біреуі білсе, біреуі біле бермейді. Таза су адам өмірі үшін ең маңызды және өмірін ұзартатын бірден бір биологиялық белсенді зат десек болады Еліміздің бүгіні мен ертеңі үшін өзімізде бар суды таза ауыз суға айналдыру әдісі жайында ой айтқым келеді.

Су — сутегі мен оттегінің қалыпты жағдайларда тұрақтылығын сақтайтын қарапайым химиялық қосылыс. Осы химиялық қосылысты тазартудың әдісімен танысып кетейік. Ластанған суларды тазартудың негізгі жолдары механикалық, химиялық, биологиялық жолмен тазарту [1].

Механикалық әдісі – суды тұндыру және сүзу арқылы ондағы механикалық қоспалардан тазарту. Көлемі әр түрлі бөлшектер мөлшеріне қарай әр түрлі конструкциялық торлармен, су бетілік қоспалар – май, смола, мұнай ұстағыштар арқылы сүзіледі.

Химиялық әдісте суды тазалау үшін химиялық реагенттер, мысалы, хлор, хлорлы ізбес сияқты қосылыстар қолданылады. Хлор суды қауіпті бактериялогиялық ластардан тамаша, пәрменді қауіпсіздендіреді.

Суды тазалаудың биологиялық әдісі – микроскопиялық өсімдіктер мен жануарлар өсіріп, үстінен ағызынды сумен толтырады да төменгі жағынан қатты ауа ағынымен үрлейді, Оттектің (ауамен үрлегенде) және органикалық заттардың көп мөлшерінде бактериялар мен микрофауна қарқынды өсіп, көбейіп, органикалық ластаушыларды жай минералдық заттарға дейін ыдырататын ферменттер бөле бастайды. Органикалық заттардың минералдану процесі жүреді. Органикалық заттардың мол қорымен қоректенген бактериялар активті көбейе бастап, массалары ұлғая түседі. Бактериялардың кесектелген массалары біртіндеп судың түбіне шөгіп, ал су тазара береді. Биологиялық тазалауға қатысатын организмдерге әр түрлі бактериялардан басқа балдырлар, саңырауқұлақтар, ең төмен сатыдағы жәндіктер, құрттар және басқалар жатады.

Біз қарастыратын мәселе ол ластанған суды тазалау емес, химиялық тазалаудан өткен күнделікті қолданыстағы хлорланған су туралы болмақ. Соңғы кезде белгілі болғандай, хлорланған ауыз су ғалымдар дәлелдегендей бауыр, бүйрекке тас немесе шлактардың тұруы, асқазан ісіктерін, аллергиялық аурулар туындатады. Хлор тағы да біздің ағзамыздағы ақуыздарды бұзып, тері мен шашқа жағымсыз әсер етеді. Жазғы кезеңде, микроағзалар жылдам, қарқынды көбейетін шақта су көбірек хлорланады, осы кезде адам денсаулығына қауіп күшейеді. Басқа қаланы немесе ауылды мысалға алмай, өзіміздің еліміздің бас қаласы Астананы алайық күнде тұтынатын хлорланған ауыз судың сапасына деген шағым толастар емес. Мамандар хлорды стандарт шамасында да қолдансада оның дозасы тұрғындар үшін көп болып көрінеді. Тұрғындар сапасы нашар деген сөзді айтады да қояды, ал оны ескеріп шешімін тауып жатқан адамдар жоқтың қасы. Ғылым мен техника дамыған кезде ағзамызды хлорға улап, өзімізді ауруға шалдықтырғанша бұл мәселені шешу жолын табайық. Бұл мәселені шешудің тиімді жолын ұсынғым келеді. Өзінің денсаулығына жақсы қарайтын және ақшасы бар адамдар хлордан тазартылған сүзгіден өткен суды ішеді. Ал күнін зорға көріп жүрген адамдар хлорланған суғада үшкір дейді.

Егер суды жекелей тұтынуда хлордан құтылудың ең тиімді әдісі – су тазартқышты (сүзгіш) пайдалану. Егер сүзгі жоқ болса, онда суды бірнеше сағат тұндырып қою керек, сонда хлор ұшып кетеді. Бірақ қаржыға байланысты суды филтрлейтін (сүзгі) құты және филтрдің бағасы қазіргі таңда 3500-2500 мың тенге сонымен қатар ай сайын 1200 тенгеге филтр сатып алып ауыстырып отыру керек. Нарықтық заманда суға көңіл бөліп оны тұндыруға және ай сайын ақшасында, уақытында жұмсайтын адамдар тағы жоқтың қасы. Осы жағдайларды қарастыра отырып еліміздегі хлорланған ауыз суды филтрлеп тұрғындарға пайдалануға беруді ұсынамын. Бұл құбылыс қалай іске жүретінін көру үшін Астана қаласынан бастауды ұсынамын себебі: Астана қаласын ауыз сумен қамтамасыз ететін Астана су қоймасы (Вячеславка) яғни жалғыз нүктесі бар болған соң. Тұрғындарға суды хлорлап тазартып құбырмен жібермес бұрын суды тағы екінші рет өңдеу яғни хлордан тазарту құбылысын жүргізу керек. Тұрғындарға хлорланған су құбырдан жіберілетін болғандықтан сол құбырдың аузына филтр орналастыру керек. Сол кезде хлорсыз және таза мөлдір суды аламыз.

Филтрлеудің тиімді жақтары:

1. Судың сапасы жақсарады.
2. Шағымдар азаяды.
3. Барлық адамдар үшін қол жетімді болар еді.

4. Елімізде көрсеткіші жоғары болып келе жатқан жоғарыда айтылған хлор судан туындайтын аурулардың көрсеткіші азаяр еді .
5. Жапониядағыдай адамдардың өмір сүру көрсеткіші жоғарлайды.
6. Еліміздің даму үстінде екенінің бір көрсеткіші болар еді.

Қорыта айтқанда еліміз даму үшін және адамдардың денсаулығы үшін судың сапасын жақсарту өте қажет. Судың тек сапасын жақсартып қоймай оны ластанудан сақтайық. Судың да сұрауы бар екенін ұмытпайық достар!

Пайдаланылған әдебиет тізімі

1. kutkarushy.kz/surrounding-environme

УДК 57.045

«ЖАСЫЛ ЭКОНОМИКАҒА» КӨШУДІҢ ГЕОГРАФИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ. БАЛАМАЛЫ ЭНЕРГИЯ КӨЗДЕРІ. ЖЕЛ ЭНЕРГИЯСЫ

**Базарбай Меруерт Бектурғанқызы, Жұнысбаева Дамира Асқарқызы,
Джумасултанова Салтанат Болатовна**

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті,
«5В061000 – Гидрология» мамандығының 2 курс студенттері
Ғылыми жетекші - С. Садвакасова

Жасыл экономика еліміздің орнықты дамуын қамтамасыз етудің маңызды құралдарының бірі болып табылады. Оған көшу Қазақстанның әлемнің неғұрлым дамыған 30 елінің қатарына кіру жөнінде қойылған мақсатқа қол жеткізуін қамтамасыз етеді. Бұл бағыттағы жұмыстар жалпы ішкі өнімді 3% ұлғайтып, өнеркәсіп пен қызмет көрсетудің жаңа салаларын қалыптастыруға, халық үшін сапалы өмір сүру стандарттарын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Бұл деңгейге жету үшін қосымша инвестиция келесі бағытта тартылады:

- Қаражат көзінің негізгі мөлшері баламалы қуат көздері мен газдандыруға жұмсалады.

- 37 млрд. Өндіріс транспорт, тұрғын үй, коммуналды шаруашылық салаларында тиімділікті арттыруға бағытталған.

- 14 млрд. Су ресурстарына.

Қалғаны жылы жай ауыл шаруашылығындағы жерді өңдеу, қалдықтарды жою, электр станцияларына тазарту құралын орнату сияқты жұмыстарға 4 млрд-тан есептелген.

Қазақстандағы «жасыл» экономиканы дамыту тұжырымдамасы.

Өткізілген «РИО+20» Саммитінен кейін еліміздің күші «жасыл» экономикаға ауысу бойынша стратегияны іске асыруға бағытталған. Н.Ә.Назарбаевтың бастамасы бойынша «Жасыл» экономикаға ауысу бойынша тұжырымдама әзірленді.

Енді тұжырымдамада көрсетілген жасыл экономикаға көшу жөніндегі жалпы тәсіл секторларына тоқталып өтсек.

Қазақстанда 2030 жылға қарай су тапшылығы мәселесі ұлғая түседі. Су ресурстарын дұрыс пайдаланбаудың салдарынан экономикалық шығын 6-7 млрд. жетуі мүмкін. Тұжырымдамаға сәйкес су ресурстарын орнықты пайдалану жөніндегі міндеттерді қамтамасыз ету үшін бүгінде 2014-2040 жылдарға арналған су ресурстарын басқарудың мемлекеттік бағдарламасы әзірленген.

Жасыл экономика тұжырымдамасындағы келесі бір сала электр энергетикасының